| Бөлім:Компьютердің тілін табу - өнер | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Күні:** | | **11.03** | | |
| **Сынып:**5 (Көкжиек баспасы) | | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** | |
| **Сабақтың тықырыбы:** Көзіңді қорға! | | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** 5.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау; | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.<br>Қорғаушы көзілдірік<br>Көз жанары<br>Ғаламтор<br><br><br>**Жазылым.**<br>1-тапсырма Диаграммаға қажетті сөздерді жаз. сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.<br><br> | Жаңа сөздермен танысады, оқиды. Сөз тіркесін құрастырады. **Мысалы:** Қорғаушы көзілдірік кию керек.<br><br>Жалғау, жұрнақтармен танысадын<br><br>Диаграммаға қажетті сөздерді жазады. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайды. | Мұғалім оқушылардың жауабына қарай бағалайды.<br><br>Басбармақ | Слайд<br>Сызбалар |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Айтылым.<br>2-тапсырма  Сөйлемдерді оқы. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап бер.
<table>
<tr><th></th><th>Компьютер не үшін керек?</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>1.</td><td>Компьютер ойнау үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2.</td><td>Компьютер оқу үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3.</td><td>Компьютер сурет салу үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4.</td><td>Компьютер уақыт өткізу үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5.</td><td>Компьютер есеп шығару үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>6.</td><td>Компьютер денсаулықты жақсарту үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>7</td><td>Компьютер ғаламтор үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>8.</td><td>Компьютер ән тыңдау үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>9.</td><td>Компьютер [illegible] үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>10.</td><td>Компьютер көру үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>11.</td><td>Компьютер танысу үшін керек.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Тыңдалым. Оқылым.<br>3-тапсырма Суреттерді салыстырыңдар, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтыңдар. Диалогте мезгіл үстеуі мен мекен үстеулерін қолданыңдар.<br>
<br>
Тыңдалым. Оқылым.<br>4-тапсырма Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша 5сұрақ қой.<br><br>
Компьютермен жұмыс істеу ережесі<br>
Дәрігерлердің айтуы бойынша, компьютерде балалар 2 сағаттан, үлкендер 5 сағаттан артық отырмауы керек.<br>
Компьютерде жұмыс істеудің ережесін біліп ал.<br>
Компьютерден жарты метр алыс отыр. Компьютерді ойыншыққа айналдырма. Компьютерде ұзақ уақыт отырма. Керек кезінде пайдалан. Көзіңнің жанары нашарлайды.<br>
Күнделікті компьютерге отыратын уақытыңды белгіле. Компьютерде отырғанда 15 минут сайын үзіліс жаса. Үзіліс кезінде көзіңе жаттығу жаса. Оңға, солға, жоғары, төмен қарап көзіңді айналдыр. Терезеден алысқа қара. Содан кейін өзіңе жақын тұрған затқа қара. Осындай жаттығуды бірнеше рет қайтала. Арнайы қорғаушы көзілдірік ки.<br>
Компьютер тұрған бөлме шаң болмауы керек. Компьютердің алдында тамақ ішпе. Бөлмені желдетіп, ауасын тазарт. Тінтуірді көп ұстап отыру саусақ ауруына ұшыратады. Компьютермен дұрыс жұмыс жасай біл!</td>
<td>Сөйлемдерді оқиды. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап береді.<br><br>Суреттерді салыстырады, екі суреттің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтады.<br><br>Мәтінді алдымен тыңдайды. Мәтін мазмұны бойынша 5сұрақтан қояды.</td>
<td>Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бір бағалайды.<br><br>Мұғалімнің бағалауы жүзеге асады.<br><br>Смайликтер</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Жазылым.<br>5-тапсырма Мәтінді пайдаланып, компьютермен құрыс жұмыс істеудің ережесін айт.Мәтін мазмұны бойынша ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолданып, сөйлем құра.<br><br>Үлгі: Компьютерден жарты метр алыс отыр, әйтпесе көзің ауырады.</td>
<td>Мәтінді пайдаланып, компьютермен құрыс жұмыс істеудің ережесін үлгідегідей айтады.</td>
<td>Мұғалімнің бағлауы.</td>
<td></td>
</tr>
</table>